

"Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 қарашадағы № 1494 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 325 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.04.2015 № 325 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 12, 86-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінде:

34-тармақтың үшінші бөлігі мынадай мазмұндағы оныншы абзацпен толықтырылсын:

«Республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітілген қаулысы бюджеттік даму бағдарламасы бойынша бюджет қаражатының жылдық көлемі шеңберінде сыртқы қарыздар және грант қаражаты есебінен қаржыландырылатын бюджеттік даму бағдарламаларының бюджеттік кіші бағдарламалары арасында бюджет қаражатын қайта бөлу үшін негіз болып табылады.»;

37-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы Ереженің 34-тармағы үшінші бөлігінің оныншы абзацында көрсетілген нормативтік құқықтық актісі болмаған жағдайда аумақтық қазынашылық бөлімшесі жеке қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу туралы анықтаманы орындамай бюджеттік бағдарлама әкімшісіне қайтарады («Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша себебі көрсетіле отырып қайтарылады).»;

157-2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды салуға не қайта жаңартуға, үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, жолдар мен басқа да объектілерді күрделі жөндеуге байланысты жұмыстарға ақы төлеу, тұтастай алғанда шарттың

жалпы сомасының тоқсан бес пайызы шегінде жүргізіледі. Орындалған жұмыстар үшін тапсырыс беруші мен мердігер арасындағы түпкілікті есеп айырысу ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды салуға не қайта жаңартуға, үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды, басқа да объектілерді күрделі жөндеуге байланысты жұмыстар аяқталғаннан және тапсырыс беруші аумақтық қазынашылық бөлімшесіне мемлекеттік қабылдау комиссиясы қол қойған актіні ұсынғаннан кейін жүргізіледі.»;

мынадай мазмұндағы 159-1-тармақпен толықтырылсын:

«159-1. Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасының жобалары бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің бірлесіп қаржыландыру үлесін төлеу кезінде байланысты гранттар бойынша аванстық (алдын ала) төлем шарт сомасының 100 пайызы мөлшерінде жүргізіледі.»;

мынадай мазмұндағы 161-1-тармақпен толықтырылсын:

«161-1. Standard&Poor's, Moody's және Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттіктермен (оның ішінде олар басқа заңды тұлға болып қайта ұйымдастырылған жағдайда) өзара іс-қимыл жасау жөніндегі қызметтерге ақы төлеу олармен жасалған шарттарда немесе келісімдерде көрсетілген талаптар мен мерзімдерге сәйкес жүзеге асырылады.»;

257-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Республикалық бюджет комиссиясының оң шешімі негізінде жергілікті атқарушы органдарға жана бюджеттік инвестициялық жобаларды енгізу өңірлік және жаһандық сипаттағы табиғи және техногендік төтенше жағдайлардың алдын алуға немесе оларды жоюға байланысты жаңа бюджеттік инвестициялық жобаларды енгізу жағдайларын қоспағанда, бір бюджеттік бағдарлама шегінде жоғары тұрған бюджеттен нысаналы даму трансферттерінің есебінен қаржыландырылатын жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың сомасын бюджеттік инвестициялық жобаның сметалық құнын арттырумен байланысты шығыстарға, сондай-ақ жаңа бюджеттік инвестициялық жобаларды қаржыландыруға қайта бөлуге тыйым салынады.».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
С. Ахметов*